

18. Takahashi, A., & McDougal, T. Collaborative lesson research: Maximizing the impact of lesson study. *ZDM: Mathematics Education*, 48, 513–526. DOI: 10.1007/s11858-015-0752-x

19. Dudley, P., Xu, H., Vermunt, J. D., & Lang, J. Empirical evidence of the impact of lesson study on students' achievement, teachers' professional learning and on institutional and system evolution. *European Journal of Education*, 54, 202–217. DOI:10.1111/ejed.12337 (data obrasheniya: 14.04.2023)

20. Cajkler, W., Wood, P., Norton, J., Pedder, D., & Xu, H. Teacher perspectives about lesson study in secondary school departments: A collaborative vehicle for professional learning and practice development. *Research Papers in Education*, 30(2), 192–213. DOI:10.1080/02671522.2014.887139 (data obrasheniya: 08.05.2023)

ГТАХР 14.15.07.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.033>

Т.Н. Жундыбаева,^{1*} А.М. Алимкул², Г.А. Баймбетова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ. Қазақстан

² Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан

SACERS-UPDATED – МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАСЫН БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ

Аңдатпа

Білім беру сапасы балалардың дамуы және болашақта қаншалықты табысты болуы ортаға, соның ішінде білім беру ортасына тікелей байланысты. Сондықтан болашақ жастарымыздың жоғары сапалы білімге қол жеткізуі үшін білім беру ұйымдарының ортасын, ондағы оқушыларға жасалған жағдайлар мен оқушылардың күтімі қалай жүзеге асырылып жатқандығына мән берілуі қажет. Бұл тұрғада мектептің білім беру ортасын бағалайтын сенімді құралдарды дұрыс таңдап алудың маңыздылығы зор. Сондай құралдардың бірі мектеп жасындағы балалардың қоршаған ортасын бағалайтын *SACERS-Updated* шкаласы.

Бұл мақалада оқушылардың қоршаған ортасын бақылау және бағалау арқылы, олардың жақсы білім алуына және дамуына қандай кедергілер бар екенін анықтауға көмектесетін *SACERS-Updated* шкаласының мүмкіндіктеріне талдау жасаланыған. Аталған шкаланы мектеп басшылары жұмыстың тиімділігін бағалау және сапасын арттыру үшін, мұғалімдер – өзін-өзі бағалау үшін, бақылаушы ұйымдардың қызметкерлері – сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыс бағдарламаларындағы тәрбиелік іс-шаралардың сапасын бақылау үшін пайдалана алады. Шкаланың сенімділігі мен негізділігі білім беру ұйымдарының жұмысын зерттеу және бағалау үшін пайдалы болып табылады.

Түйін сөздер: SACERS; шкала; бағалау; орта; білім беру сапасы; көрсеткіш; құрал.

Жундыбаева Т.Н.,^{1*} Алимкул А.М.,² Баймбетова Г.А.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

² Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

SACERS – UPDATED-ШКАЛА ОЦЕНКИ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ДЕТЕЙ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Качество образования напрямую зависит от среды, в том числе от образовательной среды, в которой дети развиваются и насколько успешны в будущем. Поэтому для того, чтобы наша будущая молодежь имела доступ к высококачественному образованию, необходимо учитывать среду образовательных организаций, условия, созданные для учащихся, и то, как осуществляется уход за учащимися. В этом контексте важно правильно подобрать надежные инструменты, которые оценят образовательную среду школы. Одним из таких инструментов является шкала *SACERS-Updated*, которая оценивает окружающую среду детей школьного возраста.

В этой статье проводится анализ возможностей шкалы *SACERS-Updated*, которая помогает определить, какие препятствия существуют для обучения и развития учащихся, путем мониторинга и оценки их окружающей среды. Данная шкала может быть использована руководителями школ для оценки эффективности и повышения качества работы, учителями – для самооценки, работниками контролирующими организаций-для контроля качества воспитательных мероприятий по программам внеурочной и внешкольной работы. Достоверность и обоснованность шкалы полезны для изучения и оценки работы образовательных организаций.

Ключевые слова: SACERS; шкала; оценивание; среда; качество образования; показатель; инструменты.

Zhundybayeva T.,^{1} Alimkul A.,² Baymbetova G.¹*

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

² *Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

SACERS – UPDATED-ENVIRONMENTAL ASSESSMENT SCALE FOR SCHOOL-AGE CHILDREN

Abstract

The quality of education directly depends on the environment, including the educational environment in which children develop and how successful they are in the future. Therefore, in order to our future youth to have access to high-quality education, it is necessary to consider the educational environment, the conditions created for students, and the way students are cared for. In this context, it is important to choose the right reliable tools that will evaluate the educational environment of the school. One of these tools is the SACERS-Updated scale, which measures the environment of school-age children.

This article analyzes the possibilities of the SACERS-Updated scale, which helps to identify what barriers exist for students' learning and development, by monitoring and assessing their environment. This scale can be used by school managers to assess the effectiveness and improve the quality of work, by teachers – for self-assessment, by employees of supervisory organizations-to control the quality of educational activities for extracurricular work programs. The reliability and validity of the scale are useful for studying and evaluating the work of educational organizations.

Keywords: SACERS; scale; assessment; environment; quality of education; indicator; tools.

Негізгі ережелер. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» делінген[1]. Бұдан елімізде тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық азаматтардың сапалы білімге қол жеткізуі білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басым мақсаты екенін байқауға болады.

Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің көптеген елдері үшін өзекті болып отыр. Бұл туралы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде: «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген[2]. Білім беру сапасын арттыру: оқыту сапасын (оқу жетістіктерін) және білім беру қызметін, білім беру ортасын жақсарту; басқару шешімдерінің сапасын арттыру арқылы жүзеге асырылады. Яғни білім сапасына ықпал ететін басты факторлардың бірі – білім беру ортасы. Сондықтан зерттеудің негізгі идеясы Білім беру ортасын бағалаудың объективті құралы ретінде SACERS шкаласы қолдану болып табылды. Зерттеу идеясын жүзеге асыруда барысында келесідей негізгі ережелер басшылыққа алынды: SACERS халықаралық шкаласы мәселелерін қарастырған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жүйелі талдау жасау, SACERS халықаралық шкаласын Қазақстанда мектептерінде пайдаланудың маңыздылығын негіздеу.

Кіріспе. Білім сапасы көптеген мемлекеттердің саясатындағы басты, әрі маңызды басымдылық болып табылады. Қазақстан Республикасында барлық азаматтардың сапалы білім алуына көп көңіл бөледі. Білім беру сапасы білім беру қызметі мен оқушыларды даярлаудың кешенді сипаттамасы

ретінде қарастырылады. Ал білім беру ортасының сапасы білім беру инфрақұрылымының бір бөлігі ретінде білім сапасын қамтамасыз ететін маңызды шарттадың бірі болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымының білім беру қызметінің сапасын бағалау білім беру ортасын бағалауды қамтуға тиіс.

Осыған орай біз аталған мақала аясында мектептегі білім беру ортасын бағалау және дамытуды қарастырамыз. Білім беру ортасының сапасы мынадай факторлармен: білім беру қатынастарына қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылға қатысты мазмұндық компоненттермен; білім беру процесін ұйымдастырумен; персоналдың кәсіби өсуі үшін жағдайлармен және дарынды балалар үшін қолайлы ортамен қамтамасыз етіледі [3].

Білім беру бағдарламасы жүзеге асырылатын білім беру ұйымының ортасын бағалаудың объективті құралы ретінде біз SACERS шкалын ұсынамыз.

SACERS шкаласы (ағылш. «The School - Age Care Environment Rating Scale») – алты жастан он екі жасқа дейінгі балаларға арналған күтім жасау және білім беру қызметтерін ұсынатын мемлекеттік және жеке ұйымдардың білім беру қызметінің сапасын кешенді бағалауға арналған құрал болып табылады. Ал SACERS-Updated шкаласы 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға арналған сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстардың білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік және жеке ұйымдардың білім беру қызметінің сапасын кешенді бағалау үшін әзірленген. SACERS-Updated шкаласы басқа қоршаған ортаны бағалау шкаласы (ECERS, ITERS және FCCERS) сияқты формада пайдаланатын бастапқы SACERS-тің жаңартылған нұсқасы болып табылады. SACERS-тің жалпы мазмұны осы басылымда салыстырмалы түрде бірқатар өзгерістерге ұшыраған.

Тельма Хармс және оның әріптестері әзірлеген SACERS-Updated шкаласы білім беру ортасын бағалау, мектеп жасындағы балалар күтімі көрсетілген мекемелерінде ұсынылды. Бұл мақалада біз SACERS-SACERS-Updated-тің негізгі компоненттері мен сыныптан тыс және мектептен тыс бағдарламалардың балалардың сапалы тәжірибе алуына қалай ықпал ететінін қарастырамыз [4].

Материалдар мен әдістер. Аталған мақалада біз SACERS-Updated шкаласының тиімділігін еліміздегі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарымен» салыстыра отырып көрсетуге тырыстық.

Кесте-1. SACERS-Updated шкаласының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарымен корреляциясы және ерекшелігі

SACERS-Updated шкаласы	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
<p><i>Ішкі кеңістік және жиһаз</i> – бұл шкала ішкі және сыртқы кеңістіктердің орналасуы мен сәйкестігін, сондай-ақ жиһаздар мен материалдардың болуы мен жарамдылығын қарастырады. Сонымен қатар ішкі шкала физикалық жағдайды, соның ішінде жиһаздар мен жабдықтардың орналасуын, тазалығын және балалардың жасы мен бойына сәйкестігін бағалайды.</p>	<p>Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 <u>бұйрығымен</u> бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 <u>бұйрығымен</u> бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі; 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 <u>бұйрығымен</u> бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру; 3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; 4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнемендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

	<p>сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;</p> <p>5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);</p> <p>6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;</p> <p>7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;</p> <p>8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру;</p> <p>9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;</p> <p>10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 <u>бұйрығымен</u> бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.</p>
<p><i>Денсаулық және қауіпсіздік</i> – бұл кіші шкала денсаулық, қауіпсіздік және алғашқы медициналық көмек көрсету және дәрі-дәрмек тағайындау сияқты төтенше жағдайларға дайындыққа қатысты бағдарламаның саясаты мен процедураларын бағалайды.</p>	<p>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:</p> <p>1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;</p> <p>2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;</p> <p>3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.</p>
<p><i>Белсенді қызмет/уақыт өткізу</i> – бұл шкалада балаларға ұсынылатын іс-шаралардың әртүрлілігіне, орындылығына және қатысу деңгейіне баса назар аударылады. Ол балалар бастаған іс-шаралар мен ересектер басқаратын іс-шаралар арасындағы тепе-теңдікті бағалайды.</p>	<p><i>Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:</i></p> <p>1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 <u>бұйрығымен</u> бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);</p> <p>2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 <u>бұйрығымен</u> бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 <u>бұйрығымен</u> бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің талаптарын орындау;</p> <p>4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.</p>
<p><i>Өзара әрекеттесу</i> – бұл шкалада өзара әрекеттесуге баса назар аударылады: SACERS қызметкерлер мен балалар арасындағы өзара әрекеттесу</p>	<p>Оқу мерзіміне өлшемшарттар:</p> <p>1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;</p> <p>2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күн-</p>

сапасын, сондай-ақ балалар арасындағы құрдастарымен өзара әрекеттесуді қарастырады. Ол қолдау көрсететін, құрметтейтін және жауап беретін қарым-қатынасқа баса назар аударылады.	тізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. [5].
<i>Бағдарламаны құрылымдау</i> – бұл шкалада бағдарламаның ұйымдастырылуы мен жоспарлануы бағаланады, оның ішінде сабақтарға, ауысуларға және еркін ойнауға жеткілікті уақыт беріледі.	
<i>Бағдарламаны құрылымдау</i> – бұл шкалада бағдарламаның ұйымдастырылуы мен жоспарлануы бағаланады, оның ішінде сабақтарға, ауысуларға және еркін ойнауға жеткілікті уақыт беріледі.	
<i>Жеке персоналды дамыту</i> – SACERS қызметкерлердің біліктілігін, арақатынасын және тұрақтылығын бағалайды, олардың бағдарламаға қатысатын балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жақсы дайындалуын қамтамасыз етеді [6]	

Sacers шкаласының артықшылықтары:

Маякова Е.В., Ходоренко Е.Д., Нестерова О.В. жүргізген зерттеулерге сүйене отырып, SACERS-Updated сыныптан тыс және мектептен тыс бағдарламалары балаларға және отбасыларға бірқатар жеңілдіктер ұсынады:

– Сапаны жақсарту: SACERS-Updated көмегімен бағдарламалар жақсартуды қажет ететін күшті бағыттарды анықтай алады, бұл олардың қызметтерінің жалпы сапасын жақсартуға мүмкіндік береді;

– Кәсіби даму: SACERS-Updated үздіксіз оқыту мен өсуді ынталандыру арқылы қызметкерлердің кәсіби дамуы мен үздіксіз білім алуына негіз береді;

– Есеп беру және аккредиттеу: SACERS-Updated бағдарламалардың қажетті сапа стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ете отырып, аккредиттеу және лицензиялау стандарттарына сілтеме ретінде қызмет етеді;

– Ата-ананың саналы таңдауы: SACERS-Updated рейтингтерін ата-аналар баласына мектеп жасындағы бала күтімі бағдарламасын таңдау кезінде негізделген шешімдер қабылдау үшін пайдалана алады;

– Балаларға арналған оң нәтижелер: SACERS-Updated өлшейтін жоғары сапалы мектеп жасындағы бала күтімі жағдайларын дамудың оң нәтижелерімен, соның ішінде әлеуметтік дағдыларды, оқу үлгерімін және эмоционалдық әл-ауқатты жақсартумен байланысты [7].

SACERS-Updated рейтингтік шкаласын қолдана отырып, білім беру ортасын зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы:

Иванова Е.В., Виноградова И.А., Нестерова О.В., Маякова Е.В. пайымдауынша SACERS-Updated-ті тиімді енгізу үшін оқытылған бағалаушы сарапшылар мектеп жасындағы балаларға күтім жасау бағдарламалары бойынша бақылаулар жүргізеді. Сарапшылар өз бақылауларын әр саладағы нақты көрсеткіштерді қамтитын рейтингтік шкала арқылы құжаттайды. Бұл көрсеткіштер қанағаттанарлықсыз және өте жақсы төрт негізгі деңгейіне ие 7 баллдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады: Жеткіліксіз (1), минималды (3), Жақсы (5) және керемет (7). Қорытынды балл әрбір кіші шкала бойынша ұпайларды қосу және осы кіші шкаладағы элементтер санына бөлу арқылы есептеледі. Максималды балл 7-ге тең, бұл өте жақсы сапаны көрсетеді, ал ең төменгі балл 1-ге тең, бұл сапаның жеткіліксіздігін көрсетеді [8].

SACERS-Updated білім беру ортасының сапасының әртүрлі аспектілерін бағалауға мүмкіндік беретін алты ішкі шкалаға топтастырылған 47 көрсеткіштен тұрады.

Кесте 1. SACERS-Updated элементтері мен ішкі шкалалары

<u>1. Кеңістік және жиһаз</u>
1. Ішкі кеңістік
2. Қарқынды қозғалыс белсенділігі үшін кеңістік
3. Оқшаулану кеңістігі
4. Бөлмелердің орналасуы
5. Күнделікті күтімге арналған жиһаз бөліктері
6. Оқу мен демалуға арналған жиһаз
7. Демалуға және жайлылыққа арналған жиһаз
8. Қарқынды қозғалыс белсенділігіне арналған жиһаз
9. Орналастыру объектілеріне қол жеткізу
10. Қызметкерлердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кеңістік
<u>2. Денсаулық және қауіпсіздік</u>
11. Денсаулық сақтау саласындағы саясат
12. Сауықтыру практикасы
13. Төтенше жағдайлар және қауіпсіздік саясаты
14. Қауіпсіздік ережелері
15. Сабаққа қатысу
16. Кету
17. Тағамдар
18. Жеке гигиена
<u>3. Белсенді қызмет/уақыт өткізу</u>
19. Сәндік-қолданбалы өнер
20. Музыка және қозғалыс
21. Блоктар мен құрылымдар
22. Драмалық пьеса / театр
23. Тіл үйрену/оқу сабақтары
24. Математикалық жаттығулар / пайымдау
25. Ғылыми / табиғатты қорғау қызметі
26. Мәдени хабардарлық
<u>4. Өзара әрекеттесу</u>
27. Сәлемдесу / күтім
28. Қызметкерлердің балалармен өзара әрекеттесуі
29. Қызметкерлердің балалармен байланысы
30. Қызметкерлердің бала күтімі
31. Тәртіп
32. Балалардың құрдастарымен өзара әрекеттесуі
33. Қызметкерлер мен ата-аналардың өзара әрекеттесуі
34. Қызметкерлермен өзара әрекеттесу
35. Бағдарлама қызметкерлері арасындағы байланыс және балалардың сынып жетекшілерімен қарым-қатынасы
<u>5. Бағдарламаны құрылымдау</u>
36. Кесте
37. Бағдарламаларды еркін таңдау
38. Қауымдастық ресурстарын пайдалану
<u>6. Жеке персоналды дамыту</u>
39. Кәсіби өсу мүмкіндіктері
40. Қызметкерлер жиналыстары
41. Қызметкерлерді қадағалау және бағалау
<u>Ерекше қажеттіліктерге арналған қосымша заттар</u>
42. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған ережелер
43. Даралау
44. Оқыту мен дағдыларды дамытудың көптеген мүмкіндіктері
45. Өзара әрекеттесу
46. Құрдастарымен өзара әрекеттесу
47. Коммуникацияға жәрдемдесу

Кесте 2. SACERS-Updated шкаласын бағалау көрсеткішінің үлгісі

<i>Әрбір бөлімде сапаның 7 деңгейіне арналған көрсеткіштер бар</i>						
<i>Жеткіліксіз</i>	<i>Минималды</i>		<i>Жақсы</i>	<i>Өте жақсы</i>		
1	2	3	4	5	6	7
<p>“НП” ұпайы (“неприменимо”)</p> <p>4. Бөлмелердің орналасуы ← <i>көрсеткіш атауы</i></p> <p><i>Жеткіліксіз:</i></p> <p>1.1 кеңістікті пайдалану анықталмаған</p> <p>1.2 (мысалы: үлкен бөлмеде қызығушылық орталықтары немесе белгілі бір мақсаттарды анықтамайтын бірнеше шағын бөлмелер жоқ).*</p> <p>1.2 ыңғайсыз ұйымдастырылған кеңістік (мысалы, қозғалыс схемасы әрекетке кедергі келтіреді).</p> <p>1.3 қадағалау қиын.</p> <p>1.4 үй тапсырмасын орындау үшін бөлек аймақ жоқ немесе басқа тыныш әрекеттер.*</p> <p><i>Минималды:</i></p> <p>3.1 балаларға арналған нақты белгіленген мақсаты бар кем дегенде бір қызығушылық орталығы.*</p> <p>3.2 басқа ойын алаңдарын балалар пайдаланады.</p> <p>3.3 орталықтар мен басқа ойын кеңістіктерін ыңғайлы визуалды бақылау.</p> <p>3.4 үй тапсырмасын орындау үшін арнайы бөлінген орын немесе басқа тыныш әрекеттер.*</p> <p><i>Индикатордан кейінгі * белгі нақтылау үшін ескертпе немесе сұрақ бар екенін білдіреді.</i></p> <p><i>Жақсы:</i></p> <p>5.1 үш немесе одан да көп қызығушылық орталықтары анықталды және ыңғайлы жабдықталған (мысалы, қажет болған жағдайда су беріледі, сөрелер жеткілікті).*</p> <p>5.2 тыныш және шулы орталықтар бөлінген.</p> <p>5.3 орталықтар балалардың өзін-өзі пайдалануына ықпал ететін етіп ұйымдастырылған (мысалы, таңбаланған ашық сөрелер).</p> <p>5.4 үй тапсырмасын немесе басқа тыныш әрекеттерді орындау үшін қолайлы жиһазы бар бөлек тыныш, аз адам жиналатын аймақ.</p> <p><i>Өте жақсы:</i></p> <p>7.1 әртүрлі оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін таңдалған орталықтар (мысалы, өнер немесе басқа да ретсіз әрекеттер аймағы, компьютерлік бұрыш, үстел ойындары үстелі).</p> <p>7.2 қызығушылық орталықтарын немесе бөлмелерді қосу немесе өзгерту үшін қосымша материалдар бар.*</p> <p>7.3 жиһаз кеңістікті шамадан тыс жүктемеуі керек.</p> <p>7.4 анықтамалық материалдар сақталатын бөлмелерге оңай қол жетімділік (мысалы, кітапхана ашық, компьютер қол жетімді).</p> <p><i>Түсіндіруге арналған ескертпелер:</i></p> <p>1.1, 3.1, 5.1. “Қызығушылық орталығы” - бұл тиісті жабдықталған ойын кеңістігі үшін материалдар жиналатын орын. Мысалы, өнер қызығушылықтары орталығында станоктың немесе үстелдің жанында қолдануға болатын көркем материалдар болуы керек.</p> <p>1.4 балл, 3.4 балл. Жоқ, егер үй тапсырмасын орындау немесе тыныш оқу бағдарламада болмаса. 3.1. “Қол жетімді” дегеніміз, балалар материалдарды өздері оңай ала алады. 7.2" қол жетімді " дегеніміз-бұл материалдар орталықта орналасқан, бірақ балалар оларды өздері ала алмауы мүмкін.</p>						

Нәтижелер және талқылау. Шкалалар білім беру ұйымында құрылған кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағалау білім беру ұйымының қызметкерлеріне бақылау және нақтылау сұрақтары негізінде жүргізіледі.

SACERS шкаласы бойынша алынған мәліметтерді өңдеу барысында мыналар анықталады: білім беру ұйымының білім беру ортасының сапасының индексі; білім беру ортасының жеке құрамдас бөліктерінің сапа көрсеткіші; білім беру ұйымының білім беру ортасының сапа бейіні. Бұл белгілі бір білім беру ұйымының білім беру жағдайларын дамытудағы әл-ауқат аймақтары мен кемшіліктерді анықтай алады [9].

Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер авторларының SACERS-Updated жаңартылған баспасы бойынша:

Бағалау жөнінде нұсқаулық:

1. Рейтингтер келесідей беріледі:

Кез-келген көрсеткішті бағалай отырып, әрқашан бағалауды 1-ден бастаңыз (жеткіліксіз) және жоғары қарай жүріңіз.

• Егер 1-ден төмен қандай да бір көрсеткіш оң бағаланса, 1-ге баға берілуі керек.

Егер 1-ден төмен кез келген көрсеткіш Иә деп бағаланса, 1 рейтингі берілуі керек. Бұл тармақ үшін тармақтың сапа көрсеткіші 1 болып табылады, себебі 1 бағанындағы көрсеткіш Иә деп бағаланды. Көрсеткіштер жоғары сапа деңгейлерінде орындалса да, 1-бағандағы кез келген көрсеткіш Иә деп бағаланса, жалпы тармақтың сапа баллы 1 болуы керек. 1-баған жеткіліксіз күтімді немесе не істеуге болмайтынын көрсетеді. Бұл «Жоқ» деген жақсы нәрсе болатын жалғыз жер. Осы бағанда дәл ұпай алу үшін өзіңізден: «Бұл мәлімдеме дұрыс па?» деп сұраңыз. Егер бұл дұрыс болмаса, «Жоқ» деп белгілеңіз. Егер бұл дұрыс болса, «Иә» деп белгілеңіз. Өзін-өзі бағалау процесінде өзіңізге және бағдарламаңызға адал болыңыз.

* 2 балл 1-ден төмен барлық көрсеткіштер “жоқ” және кем дегенде жартысы деп бағаланған кезде беріледі. 1-ге дейінгі барлық көрсеткіштер Жоқ деп бағаланса және 3-тен төмен көрсеткіштердің кем дегенде жартысы Иә деп бағаланса, 2 рейтингі қойылады. 3-бағандағы көрсеткіштердің жартысы немесе одан көпі орындалып, балл қойылғандықтан, Иә, тармақтың сапа баллы 2 болып табылады. Дегенмен, 1-ден төмен барлық көрсеткіштер Жоқ, бірақ көрсеткіштердің жартысынан азы бағаланған кезде де 1 рейтингі берілуі керек. 3-тен төмен ұпайлар Иә. Басқаша айтқанда, 3-бағандағы көрсеткіштердің жартысынан азы орындалып, Иә деп белгіленгендіктен, тармақтың сапа көрсеткіші 1-ге дейін төмендейді.

3-тен төмен көрсеткіштер “ИӘ” деп бағаланады.

* 3-балл 1-ден төмен барлық көрсеткіштер теріс бағаланған кезде беріледі және бәрі

3-тен төмен көрсеткіштер оң бағаланады. 1-ге дейінгі барлық көрсеткіштер Жоқ, ал 3-тен төмен барлық көрсеткіштер Иә деп бағаланса, 3 рейтингі қойылады. 3 бағандағы барлық көрсеткіштер орындалса, 3 элементтің сапа баллы алынады. Әрине, 1-бағандағы барлық көрсеткіштер алдымен жоқ деп белгіленуі керек.

* 4-балл 3-тен төмен барлық көрсеткіштер оң және кем дегенде бағаланған кезде беріледі

5-тен төмен көрсеткіштердің жартысы оң бағаланады. 3-тің барлық талаптары орындалғанда және 5-тен төмен көрсеткіштердің кем дегенде жартысы Иә деп бағаланса, 4 рейтингі қойылады. Төрт индикатордың екеуі немесе 5-бағандағы көрсеткіштердің кем дегенде жартысы орындалып, «Иә» деп белгіленгендіктен, тармақтың сапа көрсеткіші 4-ке тең. Төрт индикатордың үшеуі орындалып, сондықтан белгіленген болса, балл да 4 болады. Иә. Дегенмен, 3-тің барлық талаптары орындалса, бірақ 5-тен төмен көрсеткіштердің жартысынан азы «Иә» деп бағаланса, 3 рейтингі берілуі керек. Төрт индикатордың біреуі ғана немесе жартысынан азы орындалып, Иә деп белгіленсе, тармақтың сапа көрсеткіші 3-ке дейін төмендейді.

* 5 ұпайы 5-тен төмен барлық көрсеткіштер оң бағаланған кезде беріледі. 3-тің барлық талаптары орындалғанда және 5-тен төмен барлық көрсеткіштер Иә деп бағаланса, 5 рейтингі қойылады. Бағандағы барлық көрсеткіштер орындалған кезде 5-тармақ сапа баллы алынады. Әрине, 1-бағандағы барлық көрсеткіштер алдымен Жоқ және 3-бағандағы барлық көрсеткіштер орындалып, Иә деп белгіленуі керек.

6-балл 5-тен төмен барлық көрсеткіштер оң бағаланған кезде және 7-ден төмен көрсеткіштердің кем дегенде жартысы оң бағаланған кезде беріледі. Бестің барлық талаптары орындалғанда және 7-ден төмен көрсеткіштердің кем дегенде жартысы Иә деп бағаланса, 6 рейтингі қойылады. 7-бағандағы үш көрсеткіштің екеуі орындалғандықтан, бұл кемінде немесе жартысынан көп, тармақтың сапа көрсеткіші 6-ға тең. Дегенмен, 3 және 5-тің барлық талаптары орындалғанда 5 рейтингі берілуі керек, бірақ 7-ден төмен көрсеткіштердің жартысынан азы Иә деп бағаланады. Үш көрсеткіштің біреуі ғана немесе жартысынан азы орындалып, Иә деп белгіленсе, тармақтың сапа көрсеткіші 5-ке дейін төмендейді.

* 7 ұпайы 7-ден төмен барлық көрсеткіштер оң бағаланған кезде беріледі. 5-тің барлық талаптары орындалғанда және 7-ден төмен барлық көрсеткіштер Иә деп бағаланса, 7 рейтингі қойылады. 7-бағандағы барлық көрсеткіштер орындалған кезде 7-тармақтың сапа баллы алынады. Әрине, 1-бағандағы барлық көрсеткіштер алдымен Жоқ деп белгіленуі керек еді. Ал 3 және 5-бағандардағы барлық көрсеткіштер Иә деп белгіленді. Көптеген элементтер үшін жоғары ұпайлар өте кең таралған емес. Өзін-өзі бағалаудың мақсаты – Бағдарламаны жетілдіру жоспары үшін шынайы және

объективті бастапқы орынға ие болу. Тіпті аккредиттелген бағдарламалар барлық 7 ұпайды ала алмайды[10].

* Қолданбайды ұпайын қашан қою керек: Егер шкала мен нәтижелер кестесінде * НІІ ұпайы (“қолданылмайды”) деп көрсетілсе, НІІ ұпайы тек көрсеткіштер үшін немесе барлық ұпайлар үшін берілуі мүмкін. НІІ бағасын алған көрсеткіштер элемент үшін рейтингті анықтау кезінде есепке алынбайды, ал НІІ бағасын алған элементтер ішкі шкала мен жалпы шкала бойынша ұпайларды есептеу кезінде есепке алынбайды.

2. Ұпайларды есептеу:

Ішкі шкала бойынша орташа ұпайларды есептеу үшін ішкі шкаладағы әрбір элемент бойынша ұпайларды қосып, элементтер бойынша алынған ұпайлар санына бөлеміз.

* Жалпы GPA есептеу үшін әр шкаладағы көрсеткіштер бойынша барлық ұпайларды қосып, көрсеткіштер бойынша жинаған ұпайлар санына бөлеміз.

3. Бағалаудың балама нұсқалары:

Бағалаудың бірінші нұсқасы-өнімнің сапа деңгейін бағалауға қол жеткізген кезде көрсеткіштерді бағалауды тоқтату. Ол үшін бақылауға кемінде 3 сағат бөлу керек.

Екінші нұсқа-өнімге берілген сапа деңгейінің бағасынан асатын көрсеткіштерді бағалауды жалғастыру. Бұл параметр сапа деңгейін бағалаудан тыс күшті жақтар туралы қосымша ақпарат береді, бұл нақты бағдарламаларды жақсарту жоспарларын құруда және зерттеу нәтижелерін түсіндіруде пайдалы болуы мүмкін [11].

Сурет 1. SACERS -UPDATED шкаласы бойынша бағалау парағы



The image shows a screenshot of a 'SACERS-Updated Scoring Practice Activity' form. It is a complex grid with multiple columns and rows. The columns represent different categories or items being scored, and the rows represent individual scores or observations. The form is designed for systematic data collection during a classroom observation.

Қорытынды. SACERS-Updated шкаласы мектеп жасындағы балаларға арналған сабақтан тыс және мектептен тыс бағдарламалардың сапасын бағалаудың пайдалы құралы екенін атап өткен жөн. Бағдарламаның көптеген аспектілерін бағалай отырып, SACERS-Updated балаға көмек берудің жалпы сапасының толық бейнесін береді. Бағдарламалар да, ата-аналар да бағалау нәтижелерін мектеп жасындағы балаларға күтім жасау және білім беру туралы негізделген шешімдер қабылдау үшін пайдалана алады [12].

Жоғарыда берілген SACERS-Updated шкаласының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем-шарттарымен сәйкес келетін бірқатар бөлімдері бар екенін байқадық, алайда SACERS-Updated шкаласы білім беру ұйымының ортасын жан жақты бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Ал білім беру ортасының нақты мүмкіндіктерін айқындау сапалы білім беру мен алуға кедергі тудыратын жағдайларды анықтап, оларды дер кезінде жоюға ықпал етеді. SACERS-Updated шкаласы бойынша зерттеу нәтижелері мектепті тексеру құралы емес, оның қызметін жақсартуға көмектесетін құрал.

Жоғары сапалы орта білімге сұраныс артып келе жатқандықтан, SACERS-Updated шкаласын еліміздегі мектептердің білім беру ортасын бағалаудың құралы ретінде пайдаланылуды ұсынамыз. Себебі SACERS-Updated шкаласы мұғалімдерге, әкімшілерге және ата-аналарға балалардың біртұтас дамуын қолдайтын қолайлы және байыту ортасын құру үшін бірлесіп жұмыс істеуге көмектеседі. Кешенді тәсілінің арқасында SACERS-Updated шкаласы бастауыш және орта білім берудің болашағын қалыптастыруда және оң нәтижелерді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы талай ықтимал.

Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 95 жылдығына арналған ректор грантына оқытушылар мен қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жобалары конкурсы негізінде жазылды. “Зерттеуді Абай

атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырып отырғаны (№ 05-04/149 от 01.03.2023)» үшін алғысымызды білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы//<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

3. Жүндібаева Т.Н., Примбетова Г.С., Ағыбай Қ.Е. Қазақстанда SACERS шкаласын қолдану арқылы білім беру ортасын бағалаудың мүмкіндіктері//Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы, “Педагогика ғылымдары” сериясы.№ 4.-2020.- 145б.

4. Иванова Е.В., Виноградова И.А. Оценивание условий реализации основной образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS//Вестник МГПУ, Серия «Педагогика и психология». -2017.-№ 4(42).- С. 66-79.

5. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)

6. Иванова Е.В., Виноградова И.А., Зададаев С.А. Исследование образовательной среды школы в контексте обеспечения равного доступа к качественному образованию//Образование и наука.-2019.Т.21, №7. - С. 125.

7. Маякова Е.В., Ходоренко Е.Д., Нестерова О.В. Модель развития условий реализации образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS: результаты обсуждений//Научно-методический электронный журнал “Концепт”.-2018.-№VI2. С. 32-38.

8. Иванова Е.В., Виноградова И.А., Нестерова О.В., Маякова Е.В. Школы с разным индексом качества образовательной среды: результаты исследования с использованием шкалы SACERS//Вестник ТГПУ.-2020.-№1(207).- С. 9-12.

9. Иванова Е.В., Виноградова И.А., Нестерова О.В., Маякова Е.В. КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛОВИЙ МОСКОВСКИХ ШКОЛ // Современные проблемы науки и образования. – 2019. – № 4.

URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29131> (дата обращения: 06.08.2023).

10. <https://marylandexcels.org/wp-content/uploads/2022/10/Conducting-and-Scoring-Your-SACERS-U-Self-Assessment-Video-Transcript.pdf> (интернет көзі).

11. Harms T., Jacobs E.V., White D.R. School-age care environment rating scale, Updated edition (SACERS) //учебное пособие.-Teachers College press.-06.12.13.

12. Ivanova E.V., Vinogradova I.A. Scales SACERS: Results of the study of the educational environment of Moscow schools//European journal of contemporary education.2018.№7(3). P. 509.

References:

1. President Kassym-Jomart Tokayev’s state of the nation address «A fair state. One nation. Prosperous society» //<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

2. The Law of the Republic of of Kazakhstan dated 27 July, 2007 № 319

3. Zhundibayeva T. N., G Primbetova.S., Agybay K. E. the possibility of assessing the educational environment based on the use of the sacers scale in Kazakhstan/ / Abai kaznpu-bulletin, series “Pedagogical Sciences”. No. 4. -2020. - P. 145

4. Ivanova E. V., Vingradova I. A. on amendments to the provisions on the Republican program of primary and secondary general education using the international sacers network//Bulletin of MGPU, series “pedagogy and psychology”. -2017.-№ 4(42).- Pp. 66-79.

5. Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 5, 2022 No. 486" on approval of evaluation criteria for educational organizations "///on approval of evaluation criteria for educational organizations-IPS" Adilet " (zan.kz)

6. Ivanova E. V., Vinogradova I. A., Zadadaev S. A. study of the educational environment of the school in the context of ensuring equal access to quality education//education and science. -2019. VOL. 21, NO. 7. - P. 125.

7. Mayakova E. V., Khodorenko E. D., Nesterova O. V. model for the development of conditions for the implementation of the educational program of primary and basic general education using the SACERS international scale: results of the discussion//scientific and methodological electronic journal «Concept».-2018. - No. B12.32-38 pp.

8. Ivanova E. V., Vinograd I. A., Nesterova O. V., Mayakova E. V. The quality index of the educational environment is different: research results with the eruption of the Sakers volcano//tgpu bulletin.-2020.- №1(207).- P. 9-12.

9. Ivanova E.V., Vinogradova I.A., Nesterova O.V., Mayakova E.V. THE CONCEPT OF DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL CONDITIONS IN MOSCOW SCHOOLS // Modern problems of science and education. - 2019. - No. 4.

URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29131> (date of access: 08/06/2023).

10. <https://marylandexcels.org/wp-content/uploads/2022/10/Conducting-and-Scoring-Your-SACERS-U-Self-Assessment-Video-Transcript.pdf> (internet resource).

Harms T., Jacobs E.V., White D.R. School-age care environment rating scale, Updated edition (SACERS) //training manual.-Teachers College press.-06.12.13.

Ivanova E.V., Vinogradova I.A. Scales SACERS: Results of the study of the educational environment of Moscow schools//European journal of contemporary education.2018. №7(3). P. 509.

ҒТАХР 14.25.07.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.034>

Л.А. Шотыбаева,^{1*} Ғ.Ә. Абаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау критерийлері негізінде диагностикалық тапырмалар мазмұны іріктелді. Онда кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін біз инклюзивті білім беру жүйесі дамыған бірқатар шет елдік мемлекеттер, атап айтқанда АҚШ пен Ұлыбританияның ЕБҚ бағалау бойынша заңнамалық жүйесі мен ерекшеліктерін олардың ресми Білім беру сайтынан жинақтадық. Сол критерийлер бойынша диагностикалық тапырмалар іріктеліп, жалпы білім беру мектептерінде эксперимент жүргізілді. Эксперимент мақсаты ЕБҚ балаларды оқыту тиімділігін көтеру үшін кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау критерийлерін нақтылау, соның негізінде диагностикалық тапырмаларды жасақтау және одан алынған ақпаратты оқу процессінде қолдану мүмкіндігін анықтау. Нәтиже математикалық статистика әдістері, атап айтқанда нормадан ауытқу мәні Колмогоров-Смирнов критерийі бойынша анықталса, ал екі топты салыстыру Т-Вилкоксон критерийін» қолдана отырып есептеліп шығарылды. Нәтижесінде ЕБҚ балаларды бағалау нәтижесін оқу үрдісін жоспарлауда қолдану бойынша ұсыныстар жасақталды. Ол ұсыныстар жалпы білім беру мекемелерінде қолдануға бейімделген.

Түйін сөздер: ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар, бағалау критерийлері, бағалау аймақтары.

Shotybayeva L.^{1*}, Abayeva G.¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ASSESSMENT THE SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS OF PRIMARY SCHOOL AGE CHILDREN AT SCHOOL

Abstract

In this article, diagnostic tasks were selected based on evaluation criteria for primary school age children with SEN, on the basis of which an assessment of special educational needs was carried out. As a result,